

Бағдарлама *Қазақ тілі теориясы және әдістемесі* кафедрасының мәжілісінде талқыланды.

«__»__2018 ж., хаттама №__

Бағдарламаны жазған: ф.ғ.д., профессор Атабаева М.С.
ф.ғ.к., доцент Раева Г.М.
ф.ғ.к., аға оқытушы Асқарова Г.

Кафедра меңгерушісі _____ Дәулетбекова Ж.Т.

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ

6M021200- Түркітану мамандығы бойынша кешенді емтиханның бағдарламасы «Түркітануға кіріспе», «Тіл біліміне кіріспе», «Түркі халықтарының әдебиеті» пәндердің мазмұнынан құрастырылды.

«Түркітануға кіріспе» пәні түркі тілдерінің зерттелуі мен дамуы, қалыптасуы, олардың топтастырылуы, жіктеліну принциптері жайынан түсінік береді, түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктерін саралап көрсетіп, түркологияның негізгі проблемалары және оның қазіргі міндеттерімен таныстырады. *Түркі тілдері дамуын кезеңдестіру мәселесі. Алтай және Хун дәуірлері.* Түркі тілдері дамуы мен қалыптасу кезеңдері жайлы тың көзқарастар. Прототүркілер туралы зерттеулер. Америка үндістерінің, шумерлердің прототүркілермен байланысы жайлы көзқарастар. Алтай теориясы. Түркі-монғол, тұңғыс-маньчжур, корей-жапон тілдеріндегі ортақ белгілер. Сақ мәдениеті. Ең көне Алтай дәуірі, ол кездегі тіл туралы салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде қайта қалпына келтірілген кейбір тіл белгілеріне қарап пікір айтуға болатындығы. *Түркі тілдері дамуының хун дәуірі (б.з.д. III ғ. - б.з. V ғ.).* Хун дәуірінің басты ерекшеліктері. Хун тайпаларының этногенезі жайлы көзқарастар. Хун дәуірінен белгі беретін тілдік деректер. Хун/ғұн тайпаларының тегі мен тілі жайлы көзқарастар. *Көне түркі дәуірі немесе ерте орта ғасыр кезеңі.* Түркі тілдері дамуының көне түркі дәуірін сипаттайтын жаба мұралардың тарихи- археологиялық, филологиялық және мәдениеттанымдық тұрғыдан зерттелуі. Орхон-Енисей, Талас ескерткіштерінің тіліндегі ерекшеліктер. Көне түркі руна жазуының шығу тегі жайлы пікір қайшылығының себептері. Түркі руникалық әліпбиі мен қазақ руларының ен-таңбалар жүйесіндегі ұқсастықтар. Қазақ тілінің көне түркі жазба мұралары тіліне қатысы жайлы көзқарастар. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі ономастикалық жүйе. *Кейінгі орта ғасыр түркілерінің жаба мұралары.* Түркі тілдері дамуының орта дәуіріндегі сипатын көрсететін жаба мұралар Дербес тілдік топтардың саралана бастауы. Қарахан әулеті түріктерінің (XI-XII ғғ.), Орта Азия түріктерінің (XI-XIV ғғ.), ескі қыпшақ (XII-XV ғғ.) тілінде жазылған орта ғасыр түркі ескерткіштері тіліндегі ерекшеліктер. Орта түркі тілі мен қазақ тілінің лексика- грамматикалық жүйесіндегі ортақтықтар және айырмашылықтар. Орта ғасыр түркі ескерткіштерінің тарихи, әдебиеттанымдық, дүниетанымдық аспектіде зерттелуі. *Жаңа және ең жаңа дәуір.* XXI ғасырдағы түркі тілдерінің қолданыс аясы Жаңа дәуір (XV-XX ғғ.). Түркі тілдері қалыптасуы мен дамуының жаңа дәуірінде жалпытүркілік тілден ыдыраған ру-тайпалар тілінің дербес тіл ретінде қалыптасуын жеделдеткен тарихи, саяси-әлеуметтік оқиғалар. Жаңа түркі хандықтарының құрылуы және қазіргі түркі халықтарының қалыптасуы. Шағатай тілі және ескі түркі тілдері: ескі қазақ тілі, ескі өзбек тілі, ескі татар тілі т.б. Кеңес Үкіметі тұсындағы түркі тілдерінің фонетикалық, лексикалық жүйесіндегі өзгерістер. *Түркі тілдерінің зерттелуі.* XVII-XIX ғасырлардағы түркологиялық зерттеулер және түркітану ғылымының қалыптасуы. XVII-XVIII ғасырлардағы түркі халықтары мекендейтін аймақтарға ұйымдастырылған экспедициялар және олардың нәтижелері. Ресей Ғылым академиясының ашылуы. Түркі тілдері бойынша сөздіктер жасаудың қажеттілігі. Түркі тілдерінің сөздіктері. XIX ғасырдағы түркологиялық зерттеулерді жүргізуде Ресей Ғылым Академиясының жетекші орында болуы. Азия академиясының Жобасы. Түркі халықтарының тарихын, тілін, әдебиетін т.б. құндылықтарын зерттейтін тұңғыш ресми мекеменің ашылуы. XX ғасырдың алғашқы жылдарындағы (1900-1917 жж.) түркологиялық зерттеулер: түркі халықтары тарихы, мәдениеті, тілі, әдебиеті. XX ғасырдың алғашқы жылдарындағы қазақ тілінің зерттелуі (А.Байтұрсынұлы, М.Бекимов, И.Букин, Т.Бокин т.б.). Кеңестік түркітану (1917-1991 жж.). Түркі республикаларында, басқа да ірі қалаларда жоғары, орта оқу орындары ашылып, тарих, филология т.б. гуманитарлық мамандықтар бойынша ұлттық кадрлардың дайындалуы. Түркі әліпбилерінің реформалары. Түркі тілдерінің құрылымдық тұрғыдан жан-жақты зерттелуі (Н.К.Дмитриев, Э.В.Севортян, К.К.Юдахин, Н.А.Баскаков, А.М.Щербак, Э.Р.Тенишев,

К.М.Мусаев т.б.). Қазақ тіл білімінің қалыптасуы (Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев т.б.). Қазақ лингвистерінің түркологиялық зерттеулері (Ә.Т.Қайдар, М.Томанов, Ғ.Айдаров, А.Аманжолов, Т.Құрышжанов, М.Ибатов, Т.Жанұзақов т.б.).

XXI ғасырдағы түркі тілдері және тіл экологиясы мәселелері. Түркі мемлекеттері әліпби жүйесіндегі реформалар. *Түркі тілдерін классификациялаудың өзекті мәселелері.* Түркі тілдерін генеалогиялық және тарихи-хронологиялық тұрғыдан классификациялаудың принциптері мен критерийлері. Тарихи ұстаным, «глоттогенез бен этногенез сабақтастығы». Ареалдық-географиялық ұстаным. Лингвистикалық (фонетикалық, морфологиялық, лексикалық) ұстанымдар. С.Е.Маловтың түркі тілдерін тарихи қалыптасу кезеңдеріне қарай топтастыруы. Ең көне тілдердің белгілері. Көне тілдердің белгілері. Жаңа тілдердің белгілері. Ең жаңа тілдердің белгілері. Н.А.Баскаковтың генеалогиялық классификациясының мәні. Жіктеу принциптері мен әдіс-тәсілдері. Шығыс хун тілдері мен батыс хун тілдерінің басты ерекшеліктері.

«Тіл біліміне кіріспе» пәні. «Тіл біліміне кіріспе» курсының басты мақсаты – тіл білімінің негізгі ұғымдар жүйесімен және тілдік терминдермен таныстыру, тілдің құрылымдық, жүйелік, танымдық болмысы, мәні жайлы түсінікті қалыптастыру және де студенттерді тілдік талдау дағдысымен қаруландыру болып табылады.

Тілдің мәні. Тілдің қоғамдық мәні. Мемлекеттік саясат және тіл. Тіл қызметінің түрлері: коммуникативтік, атауыштық (номинативтік), танымдық, эмоционалды-экспрессивтік, эстетикалық, кумулятивтік, фатикалық, реттеуіштік және магиялық, прагматикалық, ақпараттық т.б. Тілдің жетекші қызметі.

Тілдің шығуы. Тілдің шығуы жайлы теориялар. Біртұтас тіл теориясы. Тілдің даму кезеңдері. Халықтардың және тілдерінің қалыптасуы. Ұлт тілдері.

Қазіргі қоғамның даму кезеңіндегі әдеби тілдердің жайы. Жазба тілдер. Әдеби тіл және сөйлеу тілі ұғымдары.

Фонетика. Фонетиканың міндеті мен мақсаты, қарастыратын мәселесі. Дыбыс және оның түрлері. Тіл дыбыстары. Дыбыс және таңба. Тіл дыбыстарының акустикалық, артикуляциялық сипаты. Тіл дыбыстарының акустикалық аспектісі. Тіл дыбыстарының артикуляциялық аспектілері. Сөйлеу аппараты, оның құрылысы мен мүшелерінің қызметі. Активті және пассивті сөйлеу мүшелері. Өртүрлі тілдердің дыбыс жасау артикуляциясындағы сөйлеу мүшелерінің қызмет ерекшеліктері. Артикуляция ұғымы. Дыбыс артикуляциясының үш кезеңі. Тіл дыбыстарын жіктеу принциптері. Дауысты және дауыссыз дыбыстар. Дауысты дыбыстардың жасалуындағы артикуляциялық белгілер (тілдің, жақтың, еріннің қатысына қарай). Дауыссыздардың жасалу орнына қарай, дауыстың, шудың қатысына, ұяң, қатандығына қарай жіктелуі. Аффрикат дыбыстар. Сонор дауыссыздар. Олардың әртүрлі тілдердегі қызметі.

Буын, оның түрлері. Екпін және оның элементтер. Түрлі тілдердегі екпін мен интонацияның ерекшеліктері. Орыс және қазақ тілдеріндегі дыбыс, буын, екпін, интонациялардың ерекшеліктері. Тіл дыбыстарының өзара қарым-қатынасы. Дыбыстардың комбинаторлық өзгерістері. Ассимиляция және диссимиляция, анномедация, редукция құбылыстары. Дыбыс үндестігі. Фонема ұғымы. Дыбыс және фонема. Фонеманың қызметі. Фонеманың мағына ажыратқыштық сипаты. Фонемалар жүйесі жайлы ұғым. Орфоэпия жайлы ұғым.

Жазу. Дыбыстау тілі және жазу. Қоғамның және тілдің дамуындағы жазудың рөлі. Жазудың шығуы мен даму кезеңдері. Пиктографиялық жазу, идеографиялық жазудың шығуы; иероглифтер. Буын және әріп жазуы; Жазу және әліпби. Грек, латын және араб әліпбиі. Кириллица.

Дыбыс және әріп, әртүрлі тілдердегі дыбыстар мен әріптердің арақатынасы. Орфография. Орфографияның принциптері; морфологиялық, фонетикалық, қалыпты және идеографиялық принциптер. Қазақ және орыс тілдерінің орфографиялық ерекшеліктері. Транслитерация және транскрипция.

Лексикология. Лексикологияның міндеті мен зерттейтіні. Лексикологияның бөлімдері: ономонология, семонология, фразеология, этимология, лексикография.

Сөз – тілдік единица. Сөзге тән басты белгілер. Сөздің жалпылаушылық қызметі. Сөз және ұғым. Сөздің атауыштық қызметі. Сөздің «ішкі формасы» жайлы ұғым. Дәлелдемелі (мотивированные) және дәлелдемесіз (немотивированные) сөздер. Сөздің лексикалық мәні.

Сөздің көп мағыналылығы. Моносемия және полисемия. Сөздің тура және ауыс мағыналары. Сөз мағынасының ауысу түрлері. Полисемия және омоним. Омонимнің түрлері. Омонимдердің пайда болу жолдары.

Тілдің сөздік құрамы. Тілдің лексика-семантикалық жүйесі. Синонимия. Синонимдердің түрлері. Синонимдік қатар. Антонимдер. Сөз мағыналарына компоненттік анализ беру. Сөз мағынасы мен тілдер арасындағы айырмашылықтар.

Сөздік құрамның стильдік қабаттары. Жалпыхалықтық лексика. Әдеби тіл, қтаби, қарапайым, ауызекі сөйлеу тілі лексикасы. Сөздің экспрессивті-эмоционалды бояуы. Диалектизмдер. Кәсіби сөздер мен терминдер. Жаргон сөздер мен қарапайым сөздер.

Сөздік құрамның тарихи дамуы. Тілдің актив және пассив қабаттары. Тілдің актив қабатынан сөздің ығысуы және жаңа сөздердің пайда болу құбылысы. Сөз мағынасының көнеру процесі. Лексикалық және семантикалық архаизмдер мен истроизмдер.

Неологизмдер, олардың пайда болу жолдары. Қоғамның қазіргі даму кезеңіндегі қазақ тілі лексикасының даму ерекшелігі.

Тілдің сөздік құрамының даму, баю жолдары. Сөзжасам және сөздік құрамның толығу жолдары. Жаңа сөз жасаудың морфологиялық тәсілі, семантикалық тәсілі. Сөз мағынасының тарылу және кеңею жолдары. Сөздің ауыс мағынада қолданылуы. Сөздік құрамның кірме сөздер арқылы толығуы. Кірме сөздің түрлері. Калька тәсілі арқылы сөз жасау.

Фразеологизмдер туралы ұғым. Еркін тіркестер мен тұрақты тіркестер. Тұрақты тіркес пен идиоматика туралы түсінік. Тілдегі фразеологиялық единицалардың негізгі түрлері, олардың қызметі мен пайда болу негіздері. Фразеологизмдерді топтастырудың түрлері.

Ғылыми этимологияның мақсаты мен принциптері. Халық этимологиясы, оның өзіндік ерекшелігі.

Лексикография. Сөздіктердің түрлері. Түсіндірме және аударма сөздіктер. Лингвистикалық терминология және оның толығу көздері.

Сөзжасам және грамматика.

Тілдің грамматикалық құрылысы – грамматиканың объектісі екендігі. Сөзжасам және грамматика. Тілдің грамматикалық құрылысының негізгі единицалары. Морфема және сөз формасы, сөз тіркесі және сөйлем.

Сөздің грамматикалық мағынасы мен лексикалық мағынасы. Лексикалық мағынаның құрылымы. Жалпы және жеке грамматикалық мағыналар.

Сөз құрылысы. Морфема – сөздің ең кішкентай мағыналық бөлшегі екендігі. Түбір және аффикс морфемалар. Сөз тудырушы, форма тудырушы аффикстер.

Сөз формасы. Сөз формасы негіз бен форма тудырушы аффикстің бірлігі екендігі. Синтетикалық және аналитикалық сөз формалары.

Грамматикалық мағынаның жасалу жолдары мен тәсілдері. Аффиксация. Фузия. (флективтілік) және аглютинация. Көмекші сөздер (предлог, септеулік шылау, артикль, көмекші етістік, жалғаулық шылау және жалғаулық мәнді сөз, демеулік шылау). Сөздердің орын тәртібі, дыбыстардың алмасуы және ішкі флексия, екпін мен интонация, суплетивизм мен редупликация. Грамматикалық категория жайлы ұғым. Грамматикалық және ұғымдық категориялар, олардың қарым-қатынасы.

Морфологиялық және синтаксистік грамматикалық категориялар. Лексика-грамматикалық категориялар. Өртүрлі тілдердің грамматикалық категориялары арасындағы айырмашылықтар.

Сөз таптары – сөздердің лексика-грамматикалық топтары екендігі. Оларды ажырату принциптері. Сөз таптарының негізгі белгілері: семантикалық, морфологиялық (сөз тудырушылық) және синтаксистік. Сөздерді сөз таптарына ажыратуды мағыналық және формалық критерилер. Сөздің бір сөз табынан басқа сөз табына ауысу құбылысы. Өртүрлі тілдердегі сөз таптарының жүйесі. Сөз таптары мен оған тән категориялардың тарихи өзгерістігі.

Сөйлем мен сөз тіркесі. Сөз тіркесі жайлы ұғым. Сөздердің синтаксистік байланысу түрлері (қиысу, меңгеру, қабысу, жанасу, түрік изафеті). Сөйлем – тілдің негізгі коммуникативтік және құрылымдық синтаксистік бірлігі екендігі. Сөйлем мен байымдау, сөйлем және сөйлеу. Сөйлемнің (актуальді) коммуникативтік мүшеленуі жайлы түсінік. Сөйлем мүшелері және сөз таптары. Сөйлем мүшелері және олардың орыс, қазақ тілдеріндегі көрінісі.

Сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымына қарай жіктеу. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем. Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары мен түрлері. Үйірлі мүшелер. Қазақ және орыс тілдеріндегі төл сөздер, олардың ерекшеліктері.

Тілдердің классификациясы. Дүние жүзі тілдерінің өртүрлілігі. Дүние жүзі тілдерінің лингвистикалық картасы. Тілдік туыстық. Материалдық, типологиялық және құрылымдық ұқсастық. Салыстырмалы-тарихи әдіс жайлы түсінік.

Тілдердің генеологиялық классификациясы. Тілдік семьялар (үнді-еуропа, қытай-тибет, дравид, сеит-хамит, алтай, орал, иберия-кавказ, палеоазия, малайя-полинезия және т.б. семьялар), олардың құрамындағы топтар. Үнді-еуропа тілдері семьясы, оның негізгі топтары. Алтай тілдері семьясы. Алтай тілдерінің (түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур) бірлестік проблемасы.

Тілдердің морфологиялық типтері жайлы ұғым. Тілдердің типтерін айқындайтын белгілер (сөзжасамдық және сөз тіркесі т.б.).

Тілдердің морфологиялық (типтік) классификациясы. Синтетикалық құрылысты тілдер. Тілдердің даралаушы (түбір), жалғамалы (аглютинативті) және фузиялы (флективті) типтері. Қазақ тілі – синтетикалық құрылысты, жалғамалы тіл екендігі. Қазақ тіліндегі даралаушы және фузиялы (флективті) тілдік элементтердің көрінісі, аналитикалық тәсілдің қолданылуы.

Қазір түрлі тарихи жағдайлардың әсерінен әлемнің түкпір-түкпіріне шашырап, түрлі мәдениеттердің ықпалына ұшыраған түркі тектес халықтардың жалпы саны 200 миллионның о жақ бұ жағында. Олардың ішінде тілінен, рухани тамырынан көз жазып қалғандары, болмаса соған жақын тұрғандары да бар.

«Түркі халықтарының әдебиеті». «Түркі халықтарының әдебиетінің тарихы» пәнінің басты мақсаты – ежелгі түркі әдеби жәдігерліктерді жан-жақты таныстыру, төл әдебиетіміздің қайнар бастауы сонау ежелгі заманнан бастау алатынын және көне түркі тілінде жазылған көркем шығармалардың қазақ әдебиеті тарихынан алатын орнына, өзіндік ерекшеліктеріне талдау жасау болып табылады.

Әдебиет тарихы – әдебиеттану ғылымының құрамдас негізгі бір бөлімі. Қазақ елінің қазіргі тарихы түркі тектес халықтардың қоғамдық, әлеуметтік және рухани өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен қадым замандардан бері өзара тығыз байланысты. Ежелгі түркі тілді әдебиет-бертін келе қазақ халқының этникалық құрамына енген тайпалардың көне дәуірдегі әдебиеті, олардың ежелгі түркі ру-ұлыстарымен бірге жасаған көркем сөз өнері.

«Түркі халықтарының әдебиетінің тарихы» пәнінің негізгі міндеттері: магистранттарды қазақ әдебиеті тарихының қайнар бастауларымен таныстыру; қазақтың көркем сөз өнерінде сан ғасырлар бойы бір сәтке де үзілмей келе жатқан көркемдік дәстүр жалғастығын сараптап көрсету.

Түркі халықтарының әдебиеті дегеніміз не, ұлттық әдебиет пен түркілік әдебиеттің ара жігі қалай, ортақ әдебиетке қай дәуірлер жатады, ұлттық, түркілік әдебиетке қандай әдебиетті жатқызып, негізгі өлшем ретінде тегі, жері, тілі сияқты өлшемдердің қайсысын аламыз деген секілді сандаған сауалдар ғылыми тұрғыдан талдау жасау.

Түркі халықтарына ортақ түркілік әдебиет. Түркі халықтары туралы түсінік, өзіндік ерекшеліктері. Қазақ ғалымдарының түркілік ортақ әдебиетке қосқан үлесі. Түркі халықтары әдебиетінің қазақ әдебиетінде зерттелуі. Түркі халықтарына ортақ ескерткіштер мен әдеби мұралар, олардың зерттелуі.

Түркі халықтарына ортақ әдебиеттің дәуірлеу мәселесі. Түркі әдебиетінің тарихын дәуірлеудің теориялық-методологиялық мәселелері. Түркі халықтарына ортақ әдебиет тарихының зерттеу нысаны. Әдебиет тарихын дәуірлеуде тарихи-хронологиялық ұстанымның маңызы. Қазақ ғалымдарының түркілік ортақ әдебиетті дәуірлеуі.

Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев және түркі әлемі Әдебиет тарихын зерттеуде қолданылып жүрген зерттеу әдістерінің маңызы А.Қыраубаева, М.Жолдасбековтің ортақ түркілік әдебиетті жүйелеуі.

Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиет. Түркі жазба жәдігерліктері. Әлемдік мәдениеттегі көне түркілердің үлесі. Тәңіршілдік – түркі халықтарының әлемде тұңғыш туғызған монотеистік діні және дүниетанымы. «Күлтегін», «Тоныкөк» жырларының поэтикасын зерттеудің аспектісі. Түркі халықтарына ортақ тарихи тұлғалар.

Ислам дәуіріндегі әдебиет (X-XII ғғ.)

Әл-Фараби мұрасы – түркі халықтарын рухани негізі. Машанидің Әл-Фарабитану бойынша 10 томдық еңбегінің маңызы. Әл-Фарабидің «Қайырымды қала» басшысының қасиеттері туралы ойлары. Әл-Фараби өлеңдерінің поэтикасы. Абайдың философиялық ойларының бастауы – Әл-Фараби еңбектерінде. Музыканың энциклопедиясын жазған ұлы музыкант.

Түркі филологиясының атасы – Махмұт Қашқари. «Диуани лұғат ат - түрік» – түрік өркениетінің алтын кілті. М.Қашқари дүниетанымының өзекті мәселесі. М.Қашқари сөздігінің маңыздылығы (бүгінгі түркітанушы ғалымдар және «Түрік» сөздігі). «Түрік сөздігінде» қолданған түрік сөздерінің қазіргі тілімізде қолданысы. «Түрік сөздігіндегі» түркі халықтарының бәйіттері.

Түркі әлемі және Яссауи шығармашылығы. Түркітілдес халықтар дүниетанымында сопылық ілім және Яссауи хикметтері. Яссауи тұлғасының қазақ мәдениетіндегі алар орны, маңызы. Яссауи хикметтерінің Құран аяттарымен үндесуі.

А.Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастаны. «Ақиқат сыйы» дастанының басты ерекшелігі. Ахмед Йүгінекидің даналық принциптері мен рухани жетілу идеясы. Қазақ халқының философиялық көзқарасы мен рухани құндылықтарында Ахмед Йүгінеки философиясының орны. Ахмед Йүгінеки дүниетанымындағы рухани жетілу идеясы және оның маңызы.

С.Бақырғанидің әдеби мұрасы. С.Бақырғани – Яссауи мектебінің көрнекті өкілі. Нәзира дәстүрі және «Бағырғани кітабы». «Ақырзаман кітабы» және әдеби дәстүр жалғастығы. «Хакім Ата кітабының» ерекшелігі. Яссауи «Хикметтерінің» тілдік, көркемдік ерекшеліктері.

Ж. Баласағұн шығармашылығының түркі әлемі мәдениетіне қосқан үлесі. Ортағасырлық түркі тілдері дамуында Жүсіп Баласағұнның рөлі. Әлем әдебиетінде Жүсіп Баласағұн поэзиясының маңызы. Ж.Баласағұнның пәлсапалық концепциясы. Жүсіп Баласағұн мұрасының түркі халықтарының тарихын зерттеудегі маңызы. Жүсіп Баласағұнның әлемдік ғылымның дамуына қосқан үлесі. «Құтты білік» – Қараханидтер дәуірінің жазба ескерткіші. Әлем әдебиетінде Жүсіп Баласағұн поэзиясының маңызы.

Негізгі әдебиеттер:

1. Аманжолов А.С. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихы мәселелері. А., 2004 (орысшадан аударған: Ғ. Қалиев)
2. Томанов.М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Алматы, 1988ж.
3. Қайдаров Ғ., Оразов М. Түркітануға кіріспе. Алматы, 2004
4. Құрышжанов Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. А., 2004
5. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. А., 1991

6. Сулейменов О. Пересекающиеся параллели. А., 2001
7. Мусаев К.М. Лексикология тюркских языков. М., 1984
8. Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. А., 1994
9. Қосымова Г. Қазақ тілі тарихынан А., 2007
10. Ескеева М.Қ. Түркі филологиясына кіріспе. – Астана: ЕҰУ, 2004
11. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. А., 2003
12. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі. А., 1999
13. Нұрмаханова О.М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Алматы: Мектеп, 1971
14. Введение в тюркологию: учебник / Под ред. Н.Г.Шаймердиновой, А.К.Каиржанова, Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2013
15. Бүркіт О. Түркітану. – Алматы: Арыс, 2003.
16. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1973, 1977, 1993ж.
 17. Хасенов Ә. Тіл біліміне кіріспе, Алматы, 1990ж.
 18. Қалиев Б. Тіл біліміне кіріспе. Алматы, 2005.
 19. Тектіғұл Ж. Тіл біліміне кіріспе (жаттығулар жинағы) Алматы, 2000ж.
 20. Головин Б.Н. Введение в языковедение. Москва, 1977, 1980ж.
 21. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1999.
 22. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. Алматы, 1996.
 23. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, Ана тілі, 1991.
 24. Ежелгі дәуір әдебиеті. Христоматия. – Алматы, 1991.
 25. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет – Алматы: Қазақ университеті. 1996.
 26. Өмірәлиев Қ. VIII-XII ғасырдағы көне түркі әдеби ескерткіштері. – Алматы, Мектеп. 1985.
 27. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. – Алматы, 2001.
 28. Х. Сүйіншіәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, Санат, 2006.
 29. М. Жолдасбеков. Тастар сөйлейді. – Астана, 2002.
 30. М. Қашқари “Түбі бір түркі тілі”. – Алматы, Жазушы 1993.
 31. Сағындықұлы Б. “Хиба-ул Хоқайық XII ғасыр ескерткіші. – Алматы, 2002.
 32. Қожа Ахмет Йасауи “Диуани хикмет”. (ауд. М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шарифа). – Алматы, Мектеп, 1993.
 33. Ахмет Йүгінеки “Ақиқат сыйы” (ауд. Ә. Құрысжанов). – Алматы, 1985.
 34. Көбесов А. Әл-Фараби. Зерттеу. – Алматы, 1971.
 35. Жүсіп Баласағұн “Құтты білігі”. (ауд. А. Егеубаев) – Алматы, 1973.
 36. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы, 2000.
 37. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. I том. – Алматы, Өнер. 2008.
 38. Ысқақов А. Абай және қазақтың әдеби тілі. // Абай тілі сөздігі. Алматы, 1968.
 39. Тебегенов Т. Әдебиет тарихының мәселелері. – А., 1998.
 40. Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – А., 2001.

